

ЗООЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚАЗАҚСТАН

ЗООЛОГИЯ ХАБАРШЫСЫ

Том 2, №1

Ғылыми журнал, жылына 2 рет шығарылады
2020 жылдан бастап шығады



Ammophila sabulosa

АЛМАТЫ, 2021

«Қазақстан зоология хабаршысы», 2021, қазан, Том 2, №1 — Алматы: Зоология институты — 96 б.

Ғылыми журнал «Қазақстан зоология хабаршысында» теориялық және қолданбалы зоология еңбектері жарияланады.

Бас редактор — П.А.Есенбекова, б.ғ.к., perizat.esenbekova@zool.kz

Редакция мүшелері:

Есжанов Б.Е., б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, eszhanovbirlik@gmail.com

Кошкимбаев Қ.С., б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, karshyga.kosh@gmail.com

Мұсабеков Қ.С., б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, kilishbay@mail.ru

Ахметов Х.А., б.ғ.к., «Көлсай көлдері» МҰТП, hamitkolsai@mail.ru

Сүлейменов М.Ж., в.ғ.к., Зоология институты, maratbek.suleimenov@zool.kz

Николаев Г.В., б.ғ.д., Зоология институты, nikolajevg@yahoo.com

Ященко Р.В., б.ғ.д., Зоология институты, roman.jashenko@zool.kz

Кабак И.И., б.ғ.к., Бүкілресейлік өсімдік қорғау институты, Ресей, ilkabak@yandex.ru

Ли Яомин, Қытай ғылым академиясының Синьцзян экология және география институты, Қытай, lym@ms.xjb.ac.cn

Бланк Д. Қытай ғылым академиясының Синьцзян экология және география институты, Қытай (Израиль), blankdavid958@yahoo.com

Capreolus capreolus, Ammophila sabulosa, Lynx lynx, Scolia maculata суретші Тимоханов В.А.

E-mail: editorial@kzkh.kz <http://kzkh.kz>

МАЗМҰНЫ

Казенас Владимир Лонгинович Мерейтой 80 жас	5
Назымбетова Г.Ш. Тлеубердина П.А. Қожамқұлова Балдырған Сералықызы - қазақтың тұңғыш палеонтолог қызы. Мерейтой 90 жас	11
<i>Омыртқасыздар</i>	
Есенбекова П.А. Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларының (Heteroptera: Coreidae, Stenocephalidae, Rhopalidae, Alydidae) қоректік байланыстары	15
Казенас В.Л. Қазақстан қазғыш және құм араларының биологиялық ерекшеліктері (Hymenoptera: Sphecidae, Crabronidae)	23
Мұхамәдиев Н.С., Меңдібаева Г.Ж., Бахтиярова Н. Іле Алатау шренк шыршасының қабықжегілері (<i>Scolytinae</i>) және олардың энтомофагтары	43
<i>Омыртқалылар</i>	
Бижанова Н.Ә., Грачев А.А., Сапарбаев С.К., Грачев Ю.А., Ахметов Х.А. Күнгей Алатауында (Солтүстік Тянь-Шань) мекендейтін түркістан сілеусіні (<i>Lynx lynx isabellina</i>)	49
Қабсаметов Р.Ж. Тарбағатай МҰТП аумағындағы қазақстан арқарының санын есептеу	55
Сәкиева Ж.М. «Тарбағатай» МҰТП аумағында мекен ететін сібір елігінің қазіргі жай күйі	59
Толбаев Н.Б., Сержанова А. Қаратау өңіріндегі жасанды және табиғи су көздерінде кездесетін су маңы құстары жайлы материалдар	65
Толбаев Н.Б., Салыбекова Н., Ибраева А. Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ботаникалық бағында және маңайында кездесетін синантропты құстардың әралуандылығы және тіршіліктік бейімделуі	69
Есжанов Б.Е., Мұсабеков Қ.С. Биология музейінің Қосмекенділері мен Бауырымен жорғалаушыларының алуантүрлігі және олардың герпетолог мамандарды дайындаудағы орны	73
Назымбетова Г.Ш. Тлеубердина П.А. Табиғат музейіне ширек ғасыр	81

СОДЕРЖАНИЕ

Казенас Владимир Лонгинович Юбилей 80 лет	5
Назымбетова Г.Ш. Тлеубердина П.А. Кожамқұлова Балдырған Сералықызы - выдающийся казахстанский палеонтолог. Юбилей 90 лет	11
<i>Беспозвоночные</i>	
Есенбекова П.А. Трофические связи полужесткокрылых Казахстана (Heteroptera: Coreidae, Stenocephalidae, Rhopalidae, Alydidae)	15
Казенас В.Л. Биологические особенности роющих и песочных ос (Hymenoptera: Sphecidae, Crabronidae) Казахстана	23
Мұхамәдиев Н.С., Меңдібаева Г.Ж., Бахтиярова Н. Короеды (<i>Scolytinae</i>) ели Шренка Илейского Алатау и их энтомофаги	43
<i>Позвоночные</i>	
Бижанова Н.Ә., Грачев А.А., Сапарбаев С.К., Грачев Ю.А., Ахметов Х.А. Туркестанская рысь (<i>Lynx lynx isabellina</i>), обитающая в Кунгей Алатау (Северный Тянь-Шань)	49
Қабсаметов Р.Ж. Подсчет численности казахстанских архаров на территории Тарбагатайского ГНПП	55
Сәкиева Ж.М. Современное состояние сибирской косули, обитающей на территории ГНПП «Тарбағатай»	59
Толбаев Н.Б., Сержанова А. Материалы о прибрежных птицах, встречающихся в искусственных и природных водоемах Каратауского региона	65
Толбаев Н.Б., Салыбекова Н., Ибраева А. Разнообразие и жизненная адаптация синантропных птиц, встречающихся в Ботаническом саду и окрестностях МКТУ им. Ходжи Ахмеда Ясауи	69
Есжанов Б. Е., Мусабеков К.С. Разнообразие земноводных и рептилий Биологического музея и их место в подготовке специалистов-герпетологов	73
Назымбетова Г.Ш. Тлеубердина П.А. Музею природы – четверть века	81

CONTENT

Kazenas Vladimir Longinovich Anniversary 80 years	5
Nazymbetova G.Sh. Tleuberdina P.A. Kozhamkulova Baldyrgan Seralykyzy is an outstanding Kazakhstani paleontologist. Anniversary 90 years	11
<i>Invertebrates</i>	
Esenbekova P.A. Trophic relationships of hemiptera of Kazakhstan (Heteroptera: Coreidae, Stenocephalidae, Rhopalidae, Alydidae)	15
Kazenas V. L. Biological features of burrowing and sand wasps (Hymenoptera: Sphecidae, Crabronidae) Kazakhstan	23
Mukhamadiev N.S., Medibaeva G.Zh., Bakhtiyarova N. Bark beetles (Scolytinae) ate Shrenk Ileyskiy Alatau and their entomophages	43
<i>Vertebrates</i>	
Bizhanova N.Y., Grachev A.A., Sapparbaev S.K., Grachev Yu.A., Akhmetov Kh.A. Turkestan lynx (<i>Lynx lynx isabellina</i>) living in Kungey Alatau (Northern Tien Shan)	49
Kabsametov R.Zh. Counting the number of Kazakh argali in the territory of Tarbagatai SNPP	55
Sakieva Zh.M. The current state of the Siberian Roe Deer inhabiting the territory of the SNPP "Tarbagatai"	59
Tolbaev N.B., Serzhanova A. Materials about coastal birds found in artificial and natural reservoirs of the Karatau region	65
Tolbaev N.B., Salybekova N., Ibrayeva A. Diversity and life adaptation of synanthropic birds found in the Botanical Garden and the vicinity of IKTU named after Khoja Ahmed Yasawi	69
Eszhanov B.E., Musabekov K.S. Diversity of amphibians and reptiles of the Biological Museum and their place in the training of herpetologists	73
Nazymbetova G.Sh. Tleuberdina P.A. The Museum of Nature - a quarter of a century	81



Scolia maculata

ВЛАДИМИР ЛОНГИНОВИЧ КАЗЕНАС**Мерейтой 80 жас**

В. Л. Казенас 1941 жылы 14 сәуірде Алматы қаласында дүниеге келген. Әкесі Лонгин Дамазиевич – Қазақстанның танымал фитопатологы, анасы Таисия Григорьевна - үй шаруасындағы әйел және сонымен қатар жеке сабақ берген ағылшын тілінің мұғалімі. Жоғарғы Каменка ауылындағы орта мектепті бітіргеннен кейін (1958 ж.) Владимир Лонгинович ҚазМУ-дың биология факультетіне оқуға түсіп, энтомологияға қызығады. 1961 жылы өсімдіктерді қорғау институтының энтомологиялық зиянды шегірткелерге қарсы жасағы құрамында Маңғыстау түбегіне алғашқы ғылыми экспедициясына қатысып, шегірткелерді жоятын қазғыш араларды зерттеді. Осы уақыттан бастап, ол қазғыш аралардың бүкіл өміріне ерекше назар аударды. 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, жолдамамен біраз уақыт Жетісу (Шамалғанға жақын) ауылындағы орта мектепте биология және химия пәндерінің мұғалімі болып жұмыс істеді, бірақ көп ұзамай Кеңес әскері қатарына шақырылды.

Владимир Лонгинович өзінің кәсіби ғылыми қызметін Зоология институтында 1966 жылы бастады, Кеңес армиясы қатарындағы борышын аяқтағаннан кейін, энтомология мамандығы бойынша күндізгі аспирантураға түсті. Институтта аспиранттан бастап зертхана меңгерушісіне және бас ғылыми қызметкерге дейінгі ғылыми қызметтің барлық сатыларынан өтті (аспирант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі). 49 жыл бойы Қазақстан мен Орта Азияда насекомдарының аса ірі және шаруашылық маңызды топтарының бірі - қазғыш аралардың фаунасын, жүйеленуін, экологиясын,

биологиясын және таралуын зерттеді. В. Л. Казенастың зерттеулері басталғанға дейін олардың осы аймақтағы фаунасын ешкім арнайы зерттемеген; олардың биологиялық және экологиялық ерекшеліктері де белгілі болған жоқ. Ол Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі, сондай-ақ Орта Азия республикаларындағы көптеген ғылыми экспедицияларға қатысты. 1977 жылы энтомология зертханасы Солтүстік Қазақстан бойынша бес жылдық есеп аяқтады. Соңғы жылы көпжылдық жиналған материалды өңдеп, көптомдық есеп жасау аяқталды. В.Л. Казенас Солтүстік Қазақстанды толық зерттемедім деп, жалғыз өзі велосипедпен көп шақырымды маршрутқа: Арқалық, Шилі, Тасты, Амантоғай, Амангелді, Горняк, Державинск, Есіл, Атбасарға кеткен. Одан кейін Атбасар-Щучинскке самолетпен және одан ары Щучинск, Бурабай, Көкшетауға барған. Сонан соң Көкшетаудан самолетпен Ақтөбеге ұшып барып, ботаникалық экспедицияға қосылған Сөйтіп Ырғызда велосипедін ұрлап кеткен. 1996 жылдан 2008 жылдар аралығында М.Д. Митяевпен бірге «Урал» мотоциклімен Оңтүстік Шығыс-Қазақстанның қуаң таулары мен шөлді жерлерін зерттеген. Ол 30 мыңнан астам Нупенортера және басқа насекомдардың үлгілерінен тұратын үлкен коллекция жинады.

Далалық зерттеу жұмыстары кезеңдері



1-сурет – Маңғыстау облысы, 10.06.2008 жыл. Солдан оңға қарай: Гисцов А.П., Казенас В.Л., Есенбекова П.А., Тілеппаева А.М., Қадырбеков Р.Х.

Figure 1 – Mangystau region, 10 June, 2008 From left to right: Gissova A.P., Kazenas V.L., Esenbekova P.A., Tleppeeva A.M., Kadyrbekov R.H.



2-сурет – Алматы облысы, Жусандала, 22.05.2008 ж. Казенас В.Л., Есенбекова П.А.

Figure 2 – Almaty region, Zhusandala, 22.05.2008 Kazenas V.L., Esenbekova P.A.



Маңғыстау, Батыс Қазақстан, 10.06.2008
Mangystau region, Western Kazakhstan, June 10, 2008



Алтынемел МҰТП, Айғайқұм, 26.05.2008
SNNP Altyn-Emel, Aigaykum, 26.05.2008



Сайрам-Өгем МҰТП, 03.06.2013 ж. Казенас В.Л.,
Есенбекова П.А., Кенжеғалиев А.М.
SNNP Sayram-Ugam, 03.06.2013 Kazenas V.L.,
Esenbekova P.A., Kenzhegaliev A.M.



Сайрам-Өгем МҰТП семинар өткізу. 08.05.2012
Казенас В.Л., Есенбекова П.А.
Conducting the seminar in the SNNP Sairam-Ugam.
08.05.2012 Kazenas V.L., Esenbekova P.A.



Оңтүстік Қазақстан облысы, Асықата, 09.06.2013 ж. Төменгі екі суретте: Кенжеғалиев А.М., Казенас В.Л.,
Артемов Глеб Николаевич (Томск, Ресей, ТМУ), Есенбекова П.А.
South Kazakhstan region, Asykata, June 9, 2013 In the following two photos: Kenzhegaliev A.M., Kazenas V.L.,
Artemov Gleb Nikolaevich (Tomsk, Russia, TMU), Esenbekova P.A.



Сырдария өзені жағалауы, 11.06.2013 ж. Казенас В.Л., Артемов Г.Н.
The bank of the Syrdarya River, June 11, 2013 Kazenas V.L., Artemov G.N.



Наурыз мерекесі – 2012. Казенас В.Л., Есенбекова
П.А. 20.03.2012 ж.
Nauryz - 2012 celebration. Kazenas V.L., Esenbekova
P.A. March 20, 2012



Жаңа 2015 жыл. Солдан оңға: Саяқова З.З.,
Темрешев І.И., Байжанов М.Х., Казенас В.Л.,
Байдаулетов Е.Р., Есенбекова П.А., Гисцов А.П.
New Year 2015. From left to right: Sayakova Z.Z.,
Temreshev I.I., Baizhanov M.H., Kazenas V.L.,
Baidautetov E.R., Esenbekova P.A., A.P.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде алғаш рет Қазақстан мен Орта Азияның қазғыш араларының (1000-ға жуық түрі) фаунасы толық анықталды, оның ішінде 250-ден астамы осы аумақта алғаш рет және 300-ден астам түрі Қазақстанда алғаш рет табылды. Ғылым үшін қазғыш аралардың жаңа 155 түрі сипатталып жазылды. 200-ден астам түрдің биологиясы бойынша жаңа мәліметтер алынды. Алғаш рет аймақтағы қазғыш аралардың биологиясы, экологиясы және географиялық таралуы бойынша қолда бар барлық деректер жинақталды, тұтастай алғанда, аумақтың фаунасының қалыптасу жолдары және оның жекелеген зоогеографиялық аудандары туралы болжамдар айтылды. Алғаш рет анықталған фауна практикалық маңызы бойынша бағаланды. Бұл жұмыстың нәтижелері кандидаттық және докторлық диссертацияларда жинақталған. «Қазғыш аралардың (Hymenoptera, Sphecidae) морфологиясы, биологиясы, таралуы, систематикасы және шаруашылық маңызы» тақырыбындағы докторлық диссертация КСРО ҒА Зоология институтының (қазіргі PFA) диссертациялық кеңесінде 1987 жылы Ленинградта (Санкт-Петербург) сәтті қорғалды.

350-ден астам еңбектер, оның ішінде 10 монография (олардың 4-уі Бүкілодақтық ғылыми және техникалық ақпарат институты (ВИНИТИ) мен Қазақ ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтына (КазНИИНТИ) сақтауға берілген, ал 6-уы баспаханалық тәсілмен жарияланған)

жарық көрді. Авторлардың үлкен ұжымдарының құрамында «Ресейдің Қиыр Шығысындағы насекомдардың анықтағышы», «Өзбекстанның насекомдары» ғылыми-көпшілік кітабын, «Қырғызстанның генетикалық қорының кітаптарын», «Қазақстанның Қызыл кітабын» дайындауға қатысты. Жануарлар», «Алматы облысының Қызыл кітабы», «Алматы облысының жануарлар дүниесінің кадастры», «Маңғыстау облысының жануарлар әлемі және оның мониторингі» кітаптары және т. б.

Зоология институтында жұмыс істеген кезінде Владимир Лонгинович үлкен қоғамдық-ғылыми жұмыс жүргізді. ҚР БҒМ Зоология институтының Ғылыми Кеңесінің, Қазақстанның «Қызыл кітабы» жөніндегі комиссияның, Қазақстан-Орта Азия зоологиялық қоғамы төралқасының, «Тетис» ғылыми қоғамы төралқасының, «Selevinia» и «Tethys Entomol. Research» журналдарының редколлегиясының мүшесі болды. Бірнеше жыл бойы ҚР ЖАК биология ғылымдары бойынша Сараптамалық кеңестің ғылыми хатшысы, 2 диссертацияларды қорғау бойынша арнайы кеңестің мүшесі, ҚР БҒМ Зоология институты арнайы кеңесінің ғылыми хатшысы, Бүкілодақтық энтомологиялық қоғамның Қазақстандық бөлімшесінің төрағасы болды.

Қазақстан Республикасының биоалуантүрлілігін зерттеу, сақтау және пайдалануға қатысты ғылыми және ғылыми-қолданбалы бағдарламаларды құрастыруға және жүзеге асыруға бірнеше рет қатысқан: Қазақстан Республикасының «Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау және орнықты пайдалану» ұлттық бағдарламасының (1995), «Биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану саласындағы халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағдарламасының» (1995), «Қазақстанның жануарлар дүниесінің әртүрлілігін сақтаудың және оның ресурстарын ұтымды пайдаланудың ғылыми негіздері» республикалық бағдарламасы (1996), «Биологиялық әртүрлілікті сақтау мен орнықты пайдаланудың Қазақ ұлттық стратегиясы», Батыс Тянь-Шань биоалуантүрлілігін сақтау және теңгерімді пайдалану жөніндегі халықаралық жоба (1998), «Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің кадастры» (2010) және т.б. ҚР Білім және ғылым министрлігінің конкурстарында биология бойынша ғылыми жобаларға бірнеше рет сараптама жүргізді (1999-2004).

Жас мамандарды даярлауға қатысты. Оның жетекшілігімен 4 кандидаттық диссертация қорғалды: Исламов Ш.Д., Есенбекова П.А., Бурунбетова К.К., Айтжанова М.О. 7 жыл бойы №48 мектеп-лицейінде медициналық энтомология бойынша арнайы дәріс оқыды. 2001 ж. қаңтарда ҚР БҒМ Зоология институтының Ғылыми кеңесінің қолдау хаты бойынша ҚР Жоғары аттестаттау комиссиясы оған биология профессоры ғылыми атағын берді. 1995 жылдан бастап энтомология зертханасын басқарды, сөйтіп 12 жыл бойы (2007 жылға дейін) оның меңгерушісі болды.

2000 жылдары В.Л. ғылыми білімді насихаттауға көп көңіл бөлді. Г.В. Николаевпен бірге адам үшін қауіпті жануарлар туралы кітаптар сериясын шығарды (биологтар мен дәрігерлерге арналған оқулықтар). Сондай-ақ, оқушылар үшін де осындай бағыттағы екі түрлі-түсті кітап шығарды. Редактор және негізгі авторлардың бірі ретінде «Насекомдар» мектеп энциклопедиясының арнайы томын дайындауға және шығаруға қатысты. Қазақстан жәндіктері туралы 30 фотоальбом (бір өзі және бірлескен авторлықта) шығарды, онда өз фотосуреттерін пайдаланды.

Зейнетке шыққаннан кейін ол сондай-ақ Қазақстандағы Жарғаққанаттылардың кейбір топтарын зерттеу және жасанды ұя салатын орындар құру арқылы, пайдалы тозаңдандыратын аралар мен энтомофаг-аралардың алуан түрлілігін сақтау және пайдалану әдістерін әзірлеу бойынша өз бетінше жұмыс жасады. Іле Алатауының таулы ормандарында жәндіктердің индикаторлық түрлерін пайдалану арқылы экожүйелердің жағдайын бағалау әдістемесін әзірлеуге және ағаш діңі зиянкестері мен олардың энтомофагтарын мониторингтік зерттеулерге қатысты. Осы кезеңде оның Қазақстан Республикасының биоалуантүрлілігінің құрамы мен сақталуы туралы ғылыми білімді насихаттауға үлкен қатысуын атап өткен жөн. Ол «Қазақстанның жануарлар әлемі фотосуреттерде» сериясынан бірнеше кітап-фотоальбом жариялады, әлеуметтік желілерде және экологиялық-зоологиялық бағыттағы сайттарда жануарлар мен өсімдіктердің әртүрлі топтары өкілдерінің бірнеше мың фотосуреттерін орналастырды. Соңғы 6 жыл ішінде ол Macrold.ru және Facebook-те 20 мыңнан астам фотосурет жариялады. «Ресей аралары» сайтында 500-600 фотосурет және осы сайтта В.Л. Касенастың барлық кітаптары жарияланған.

Бірқатар қорықтар мен ұлттық парктердің табиғаты, құрамы және биоәртүрлілігінің сақталуы туралы бірнеше фотальбом кітаптары дайындалып, жарық көрді. Құстарды суретке түсірумен әуестеніп, ол Алматы қаласының оңтүстік бөлігіндегі және оның төңірегіндегі құстар фаунасы туралы айтарлықтай фотоматериал жинады, оның негізінде орнитологиялық мазмұндағы 3 ғылымтанымал кітапты және «орыс орнитологиялық журналында» 20-дан астам ғылыми хабарламаны (Н.Н. Березовиковпен бірге) дайындады және жариялады.

Ғылымдағы 13 жаңа насекомдар атаулар В. Л. Касенасқа арналған:

Cerceris kazenasi Pulawski, 1976 - Crabronidae

Chelonus kazenasi (Tobias, 2001) - Braconidae

Ephedromyia kazenasi Fedotova, 1993 – Cecidomyiidae

Ephutomma kazenasi (Lelej, 1976) - Mutillidae

Harpactus kazenasi Nemkov, 1994 - Crabronidae

Ktyr kazenasi (Lehr, 1981) – Asilidae

Leistus (Pogonophorus) kazenasi Kabak, 2015 - Carabidae

Microdera kazenasi (Skopin, 1960) - Tenebrionidae

Mimesa kazenasi Budrys, 1985 - Crabronidae

Nysson kazenasi Nemkov & Gayubo, 2003 - Crabronidae

Podalonia kazenasi Danilov, 2017 - Sphecidae

Pseudepipona kazenasi Kurzenko, 1974 - Vespidae (Eumeninae)

Pterapicus kazenasi Dzhanokmen, 1976 - Pteromalidae

Мерейтой иесіне зор денсаулық, бақ-береке, ұзақ ғұмыр, ғылыми және баспа жұмыстарында табыс тілейміз.

ҚР БҒМ ҒК «Зоология институты»

биология ғылымдарының кандидаты,

бас ғылыми қызметкер, мерейтой иесі шәкірті

Есенбекова П.А.

**Қожамқұлова Балдырған Сералықызы - қазақтың тұңғыш
палеонтолог қызы****Назымбетова Г.Ш. Тлеубердина П.А.**

ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК, Шевченко көшесі, 28 үй, 050010, Алматы қаласы, Қазақстан
E-mail: g.nazymbetova@mail.ru



Қожамқұлова Балдырған Сералықызы
Kozhamkulova Baldyrgan Seralievna

Алматы қаласының орталығында орналасқан ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасының» табиғат музейіне келген адамның көзіне ерекше түсетін экспонат - мамонт қаңқасы. Оны 1957 жылы Зоология институтының 3 курс аспиранты, қазіргі таңда әлемге белгілі палеонтолог ғалым, қазақтың тұңғыш палеонтолог қызы Қожамқұлова Балдырған Сералықызының қазып алып келгендігін, экскурсия барысында білген музей қонақтары қазақ қызының еңбегіне тәнті болады.

2020 жылы қазақ ғалымы, палеозоология ғылымының алғашқы көшбасшыларының бірі Балдырған Сералықызы Қожамқұлова 90 жасқа толар еді. Студент кезінен бастап, оның бүкіл шығармашылық өмірі ғылыми зерттеулермен байланысты болды.

Б.С.Қожамқұлова 1930 жылы 30 наурызда Алматы қаласында Қазақтың қара шаңырағы саналатын Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының іргесін қалаушылардың бірі болған, қазақ өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан КСРО мен Қазақстанның танымал халық әртісі, КСРО Социалистік Еңбек Ері Сералы Қожамқұловтың отбасында дүниеге келді. Анасы Хадиша театрда актрисалық қызмет атқарған. Балдырған Сералықызы отбасындағы жеті баланың үлкені.

Балаларының маман музыкант болуын қалаған әке, барлығын қосымша музыка мектебіне берген, Балдырған Сералықызы пианино бойынша білім алған.

Балдырғанның музыкалық дарынынан ата-ананың үміті мол еді. Әйтсе де табиғатқа деген сүйспеншілік бала кезден ерекше болса керек, өнер жолын емес биология мамандығын таңдаған Балдырған Сералықызы 1949-1954 жылдары С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетінде білім алды. 1954-1957 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы Зоология институтының аспиранты болды. Алғашқы ұстазы Қазақстанда палеозоология ғалымын зерттеушілердің бірі В.С.Бажановтың жетекшілігімен ежелгі заманда тіршілік еткен, қазір тасқа айналған жануарлардың сүйектерін зерттеген.

Осы жерде бір қызық фактіні алға тартқым келеді.

Балдырған Сералықызы ежелгі жануарлардың сүйектерін зерттеуге маманданған кезде, әкесі Сералы академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтан бұл қандай мамандық екенін сұрап, қазақтар мұндай жұмысты ешқашан таңдамағанын айтқан екен. Қаныш Имантайұлы ол кісіге Балдырған - ерекше тұлға, бұл өте қажет мамандық және оны мақтан тұту керек деп сендірген екен. Қаныш Имантайұлының айтқаны келді.

Жүргізген зерттеулердің нәтижесінде 1964 жылы «Қазақстанның антропогендік қазба териофаунасына шолу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1964-1986 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Зоология институтында палеобиология зертханасын басқарды. Жалпы, оның басшылығымен Қазақстанның палеонтологиялық ғылымы үшін 60-шы және 90-шы жылдар палеонтологиялық зерттеулердің қалыптасуы мен дамуы, зертханалық жетістіктердің геологиялық қызмет тәжірибесінде кеңінен қолдану кезеңі болды. 1966-1986 жылдары Б.С. Кожамкулова - зертхананың бес жылдық іргелі ғылыми жобаларының ғылыми жетекшісі болды. Ол республикалық және одақтық деңгейде, сондай-ақ халықаралық деңгейде ғылыми ынтымақтастық туралы келісімдер бойынша кең көлемді ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындауға өз үлесін қосты.

Балдырған Сералықызы Қазақстанның соңғы кайнозойындағы омыртқалылардың таксономиялық биоалуантүрлілігін, палеофауна, палеозоогеография салаларындағы зерттеулерімен қазіргі омыртқалы жануарлар дүниесінің қалыптасу тарихына және Қазақстанның плейстоцендік шөгінділерінің биостратиграфиясына анықтауға үлкен үлес қосты.

Балдырған Сералықызының 170-тен астам ғылыми еңбектері жарық көрді, олардың ішінде: «Қазақстанның антропогендік қазба териофаунасы» (1969), «Қазақстанның соңғы кайнозой тұяқтылары» (1981), «Қазақстанның қазып алынған жануарлары» (1984). «Қазақстанның кайнозой сүтқоректілері каталогының» бірлескен авторы (1989). Оның редакциясымен «Қазақстанның фаунасы мен флорасы тарихы» сериясынан V-X томдық зертханалық жұмыстары, «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы неогендік фауна» монографиясы және «Қазақстан палеоботаникасының жаңалықтары» жинағы жарық көрді. Балдырған Сералықызының қазақстандық палеозоологтардың ғылыми еңбектерінің библиографиялық көрсеткіштерінің үш санын жариялады (1976, 1996, 1999); В.С. Бажановпен бірлесіп жарияланған «Геологиялық жұмыстар кезінде қазбалы омыртқалылар мен жоғары өсімдіктердің қалдықтарын жинауға арналған нұсқаулық». Соңғы жылдары шығарған кітаптары: «Қазақстан динозаврлары: құрлық, ұшатын және теңіз» (1999); «Ақмола облысының мамонт фаунасы» (2009), «Қазақстан фенерозойының қазба омыртқалыларының табылған орындары» анықтамалық кітабының авторы болып табылады.

Оның Қазақстандағы палеонтологиялық зерттеулерді танымал етудегі еңбегі бір бөлек, оған дәлел газеттер мен журналдардағы 45-тен астам мақалалардың жарық көруі.

Қазақстанда Балдырған Сералықызының қосқан үлесі арқасында үш палеонтологиялық қорық бекітілді: Павлодар маңындағы Ертіс өзені жағасындағы гиппарион фаунасының қалдықтары бар «Қаздар өткелі», Ақсу-Жабағылы қорығы аумағындағы Қаратау тауларындағы юра фаунасы мен флорасының қалдықтары бар «Әулие», Түркістан облысындағы Ерте плейстоцен ірі сүтқоректілердің фауна кешені «Қошқорған».

Балдырған Сералықызы бірқатар палеонтологиялық қазба орындарын ашқан, солардың бірі Батыс Сібірде мамонттардың қаңқалық қалдықтары бар Қасқыр жалы (Вольчая грива). Қасқыр жалы (Вольчая грива) қазба орнының ашылуына қатысты фактіні алға тартқым келеді

1957 жылы мамырда Мәскеуден Қазақстанның Зоология институтына Новосибир облысы Қасқыр жалы аулына палеонтолог – ғалымдарды жіберуді өтінген жеделхаты келеді. Қасқыр жалы аулында жергілікті құрылысшылар шұңқыр қазып, бір жарым метр тереңдіктен ежелгі жануардың сүйектерін тапқан. Олар өз нәтижелерін геолог мамандарға көрсеткен. Мамандар өз кезегінде ежелгі құстардың сүйектері деген шешімге келіп Мәскеуге хабар жіберген. Бірақ палеонтологтардың бәрі экспедицияға кеткендіктен Қазақстанға жүгінуге шешім қабылданған. Бұл кезде біздің барлық палеонтологтар да қазба орнында болды. Сондықтан билік үшінші курс аспиранты Балдырған

Сералықызын іссапарға жібереді. Қасқыр жалы аулына келіп, ол жер қыртысын зерттеп, бұл құстың сүйектері емес, мамонт тістерінің тамыры екенін түсінеді. Жалғыз өзіне қазба жұмыстарын жүргізу қиындық тудыратын болғандықтан Ауылдық кеңесінен көмекшілер беруін өтінеді. Көмекшілер ретінде тоғызыншы сыныптың екі баласын береді, олар бір айда үш тонна сүйек материалдарын жер бетіне шығарады. Жұмыс барысында бұл мамонттардың: аталығы, аналығы және екі мамонттың баласының сүйек қалдықтары екені белгілі болған. Олардың ішінде ересек мамонттың қаңқасы толық болып шыққан. Бұл сүйек қалдықтарын Алматыға жеткізу Балдырған Сералықызына оңайға соқпады. Пойызға жүктелген кезде темір жол қызметкерлері санитарлық-эпидемиологиялық станциядан анықтама талап ете бастайды. Бұл кезде Балдырған Сералықызы қатты ренжіді, бұл сүйектер топырақта мыңдаған жылдар бойында жерде жатқандығын дәлелдеуге тырысады, жерден шығарылғаннан кейін оларды спиртпен тазалағанын, өйткені бұл технологияға сәйкес болуы керектігін, бір сөзбен айтқанда, оларда барлық жолаушыларды біріктіргенге қарағанда инфекция аз екендігін айтып көндірген. Нәтижесінде ересек мамонттың толық қаңқасы Алматы музейіне қойылды.

1959-1996 жылдары Бүкілодақтық палеонтологиялық қоғамның толық мүшесі болды.

«КСРО Мамонттар мен мамонт фаунасын зерттеу комитеті бюросының» толық мүшесі, Қазақстан облыстық ведомствоаралық стратиграфиялық комиссияның, Бүкілодақтық палеонтологиялық қоғамның, Бүкілодақтық териологиялық қоғамның және Мәскеу табиғатты зерттеушілер қоғамының мүшесі. 1974-1984 жж - №41 «Неоген / кварталдық шекара» ЮНЕСКО-ның Халықаралық геологиялық корреляциялық бағдарламасының ((МПГК); ЮНЕСКО-ның № 24 «Солтүстік жарты шардың төрттік мұздықтары» жобасының; «Геосфера мен биосферадағы ғаламдық өзгерістер аясында кайнозойлық Урал алдындағы геологиялық оқиғалар»; «Ураль алдындағы плейстоценнің стратиграфиялық схемасын тексеру және егжей-тегжейлі нақтылау және оның магнитостратиграфиясы (Прикаспийден Печораға дейін, 1981-1985)» жобалар жетекшісі, сонымен бірге «Башқұрт АССР-інде сүтқоректілердің қалдықтарының табылуын жүйелеу» секциясының ғылыми жетекшісі болды.

1974 жылдан 1989 жылға дейін Б.С. Қожамқұлованың жұмыстары КСРО БФАН Геология институтының кайнозойлық стратиграфия зертханасының есептерінде қолданылған. Ол Қазақ КСР Ғылым академиясы Зоология институты мен Қазақстанның Орталық мемлекеттік музейі жанындағы диссертацияларды қорғау жөніндегі ғылыми кеңестің мүшесі болды.

2002 жылдан ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының құрметті оқырманы. Оның жетекшілігімен дипломдық және кандидаттық диссертациялар қорғалып, Ресейден, Бурятиядан, Башкириядан және Орталық Азиядан төрттік фаунаның жас мамандары, сондай-ақ Қазақстан мен Башқұртстанның аймақтық музейлерінің зерттеушілері оқытылды. 1964 жылдан 1988 жылға дейін ол «Қазақстан фаунасы», «Жануарлар мен өсімдік организмдерінің тарихи даму жолдары мен заңдылықтары» - КСРО ҒА, Мәскеу, «Орта Азия мен Қазақстанның таулы аумақтарын кешенді зерттеу және игеру», Мамонт фаунасын зерттеу комитетінің бюро мүшесі - КСРО ҒА, Ленинград мәселелері бойынша ғылыми кеңестердің мүшесі болды.

Балдырған Сералықызы - халықаралық конгрестерде, коллоквиумдарда, симпозиумдарда, республикалық және одақтық конференцияларда (Брно; Хельсинки, Рим, Мәскеу, Ленинград, Тбилиси, Киев, Кишинев, Одесса, Душанбе, Красноярск, Алма-Ата, Түркістан және т.б.) бірнеше рет қатысқан. 1990-1996 жж. - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің палеонтология секторының ғылыми кеңесшісі болған.

Балдырған Сералықызы Қазақстандағы барлық музейлерге қордағы және экспозициядағы ежелгі жануарлардың қазба қалдықтарын қалпына келтіруге, анықтауға және палеозоологиялық зерттеулердің әдістемесін меңгеруде үлкен көмек көрсетті.

Балдырған Сералықызы «Ғылым ордасы» РМК табиғат музейінің экспозицияларының құрылуына үлкен үлес қосты. Атап айтсақ, өткен ғасырдың 50-жылдарындағы алғашқы далалық зерттеулерінің нәтижесінде Батыс Қазақстаннан алып келген юралық плиозаврдың қаңқалары, сонымен қатар музейдің айрықша белгісі болған Батыс Сібірдің оңтүстік-батыс бөлігінен табылған толық мамонт қаңқасы, ежелгі мүйізтұмсық эласмотерий, қазылған жылқылар, бизондар, түйелер сонымен қатар өзінің зерттеу материалдары болған ежелгі омыртқалылардың басқа түрлерінің сүйектері.

Балдырған Сералықызы палеонтология мен еліміздің тарихын дамытуға орасан зор үлес қосты. Оның жұмыстары бұрынғы КСРО республикаларында да, одан тысқары жерлерде де кеңінен танымал, Еуразияның соңғы кайнозойының аймақтық және аймақаралық стратиграфиялық сызбаларын құруға негіз болды. Оның еңбектері Қазақстанның палеонтология мен стратиграфия ғылымында мәңгі сұранысқа ие және оны ізбасарларын одан әрі зерттеуде қолданылады.

Ғылым саласындағы табысты, жемісті жұмысы үшін ол Қазақстан Ғылым академиясы Президиумының, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Зоология институтының және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналған медалімен (1941-1945) марапатталған.

Өмірінің соңғы күндеріне дейін ол ғылыммен қоштасқан жоқ, Зоология институтына, табиғат музейіне келіп кеңес беретін. 2014 жылдың 14 қаңтарында 84 жасқа қараған шағында Қазақтың тұңғыш палеонтолог қызы Балдырған Сералықызы мәңгілік ұйқы құшағына енді.

Балдырған Сералықызы - үлкен классикалық ғалым, палеонтолог және адал, ақкөңіл және әрдайым мейірімді адам ретінде жадымызда қалды. Ол өмірді, табиғатты, отбасын сүйетін, бізді әзілдермен жиі қолдайтын және кез келген өтініштерімізге жауап беретін. Біз одан көп білім алдық және оның кез-келген қиын жағдайда кеңестер беретініне, қолдайтынына әрдайым сенімді болдық. Балдырған Сералықызымен жұмыс істеген біздің барлығымызға өмірдің берген сәттілігі.

ӨЖ 595. 754 <https://doi.org/10.54944/kzbuo420bo91>

Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларының (Heteroptera: Coreidae, Stenocephalidae, Rhopalidae, Alydidae) қоректік байланыстары

Есенбекова П.А.

ҚР «Зоология институты», әл-Фараби даңғылы, 93, Алматы, 050060, Қазақстан

E-mail: perizat.esenbekova@zool.kz

Тұжырым. Мақала автордың Қазақстан бойынша көп жылдық жинаған материалдары негізінде жазылып отыр. Жартылай қаттықанаттылар - насекомдар отрядындағы ең үлкен отрядтардың бірі. Олар түрлі биотоптарда тіршілік етіп, биогеоценоздағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқарады. Жартылай қаттықанаттылардың қоректік байланыстары бойынша келтірілген деректер Қазақстанның түрлі өңірлерінде жүргізілген далалық бақылауларға негізделді. Жартылай қаттықанаттылардың қоректенуі өте алуан түрлі. Қоректік байланыстарына сәйкес, зоофагтар, паразиттер, зоофитофагтар мен фитофагтар (полифаг, кең олигофаг, тар олигофаг, монофаг) болып бөлінеді. Өсімдікқоректі түрлері жаппай көбейіп, орман және ауыл шаруашылығына зиянын келтіреді. Ал жыртқыш түрлері орман және ауыл шаруашылығындағы зиянды түрлердің санын реттеп, пайдалы әсер етеді. Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларының (Heteroptera) қоректік байланыстарын зерттеу нәтижесінде 4 тұқымдасқа жататын 83 түр жайлы мәліметтер беріліп отыр. Coreidae тұқымдасынан 33 түр (40%), Stenocephalidae тұқымдасынан 6 түр (7%), Rhopalidae тұқымдасынан 37 түр (45%), Alydidae тұқымдасынан 7 түр (8%) анықталды. Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларының 4 тұқымдасының ішінде полифитофагтарға 24 түр (29%), кең олигофитофагтарға 40 түр (48%), тар олигофитофагтарға 18 түр (22%), ал монофитофагқа 1 (1%) ғана түр (*Agrophopus lethierryi*) жататыны белгілі болды.

Кілт сөздер: Қазақстан, жартылай қаттықанаттылар, Heteroptera, Coreidae, Stenocephalidae, Rhopalidae, Alydidae, қоректік байланыстары

Кіріспе

Мақала автордың Қазақстан бойынша көп жылдық жинаған материалдары негізінде жазылып отыр. Жартылай қаттықанаттылар - насекомдар отрядындағы ең үлкен отрядтардың бірі. Олар түрлі биотоптарда тіршілік етіп, биогеоценоздағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқарады. Жартылай қаттықанаттылардың қоректік байланыстары бойынша келтірілген деректер Қазақстанның түрлі өңірлерінде жүргізілген далалық бақылауларға негізделді. Жартылай қаттықанаттылардың қоректенуі өте алуан түрлі. Қоректік байланыстарына сәйкес, жыртқыштар (зоофагтар), паразиттер, аралас қоректілер (зоофитофагтар) мен өсімдікқоректілер (фитофагтар) болып бөлінеді. Өсімдікқоректілер (фитофагтар) бірнеше топқа бөлінеді: полифитофаг, кең олигофитофаг, тар олигофитофаг, монофаг. Өсімдікқоректі түрлері жаппай көбейіп, орман және ауыл шаруашылығына зиянын келтіреді. Ал жыртқыш түрлері орман және ауыл шаруашылығындағы зиянды түрлердің санын реттеп, пайдалы әсер етеді.

Зерттеу әдістері

Насекомдар өсімдіктерді арнайы энтомологиялық ауа сүзгісімен «ору» әдісімен және ағаштар мен бұталарды ақ матаға қағу арқылы жиналды, ал ұсақ насекомдарды ұстауға эксгаустер аспабы пайдаланылды. Түнгі жарыққа ұшып келетін насекомдар арнайы жарық көздерінен, автокөлік жарықтарынан ұсталды. Сонымен қатар насекомдарды өсімдіктерден көзбен қарап, суретке түсіріп, ақылау жұмыстары жүргізілді (Кириченко [Kirichenko] 1957; Фасулати [Fasulati] 1971; Кержнер И.М., Ячевский [Kerzhner, Yachevsky] 1964).

Зерттеу нәтижелері мен оны талдау

Төменде зерттелген аумақтарда табылған түрлер келтірілген және әр түр үшін қоректік байланысы туралы қысқаша ақпарат берілген (Aukema, Rieger, 2006; Чернова [Chernova] 1979; Moulet, 1995).

Жіңішке басты қандалалар тұқымдасы - Stenocephalidae Dallas, 1852

Қазақстанда 6 түрі бар *Dicranocephalus* Hahn туысы кездеседі. Барлық түрлері өсімдікқоректі, сүттігенде *Euphorbia*.

Dicranocephalus agilis (Scopoli, 1763). Хортобионт; тар олигофитофаг (сүттігенде *Euphorbia uralensis*) (Чернова, 1996).

Dicranocephalus albipes (Fabricius, 1781). Хортобионт; тар олигофитофаг (сүттігенде *Euphorbia*).

Dicranocephalus ferganensis (Horvath, 1887). Хортобионт; тар олигофитофаг (сүттігенде *Euphorbia*).

Dicranocephalus marginatus (Ferrari, 1874). Хортобионт; тар олигофитофаг (сүттігенде *Euphorbia*).

Dicranocephalus medius (Mulsant & Rey, 1870). Хортобионт; тар олигофитофаг (сүттігенде *Euphorbia*).

Dicranocephalus setulosus (Ferrari, 1874). Хортобионт; тар олигофитофаг (сүттігенде *Euphorbia*).

Шоқпарлылар тұқымдасы - Rhopalidae Amyot & Serville, 1843

Барлық ропалидтер өсімдікқоректі. Жас дернәсілдері өсімдіктердің жас өскіндерін жақсы сорады, бірақ кейінірек, ересек даралары сияқты, пісіп жетілген тұқымдармен қоректенеді (Аукета, Rieger, 2006; Пучков [Puchkov] 1986).

Corizomorpha jakovskiyi Jakovlev, 1883. Хортобионт, полифитофаг (жусан мен изен бұталарының астында, гүлдеген шатыргүлділерде және басқа өсімдіктерде).

Brachycarenum tigrinus (Schilling, 1829). Эврихортобионт, полифитофаг (айқышгүлділерде, басқа да тұқымдас өкілдерінде кездесті, тұқыммен қоректенеді).

Corizus fenestella fenestella Horvath, 1917. Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде: *Achillea*, *Tanacetum*, *Artemisia*).

Corizus fenestella subsimilis Horvath, 1817. Хортобионт; полифитофаг (ерінгүлділер мен күрделігүлділерде).

Corizus hyoscyami hyoscyami (Linnaeus, 1758). Хортобионт; полифитофаг (көктемде уақытша тал гүлдерінде, қайың, қарағай және басқа ағаштар мен бұталардың жас бұталарында қоректенеді, сонан соң сүттіген, түймедақ, қалуенге және басқа да шөптесін өсімдіктерге ауысады. Негізгі қоректік өсімдіктері: *Hyoscyamus niger*, *Tabacum*, *Ononis spinosa*, *Erodium*; бұршақ дақылдары зиянкесі болып есептеледі) (Пучков [Puchkov] 1986).

Corizus tetraspilus Horvath, 1917. Хортобионт; полифитофаг (түрлі шөптесін өсімдіктерде).

Limacocarenum curtulus Kiritschenko, 1914. Хортобионт, полифитофаг (түрлі шөптесін өсімдіктерде).

Liorhyssus hyalinus (Fabricius, 1794). Хортобионт; полифитофаг (азықтық шөптер мен басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының екінші дәрежелі зиянкесі болып табылады) [7].

Mascevevethus errans errans (Fabricius, 1794). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде).

Mascevevethus errans caucasicus (Kolenati, 1845). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде).

Mascevevethus corsicus persicus Jakovlev, 1882. Хортобионт; полифитофаг (күрделігүлділерде, бірақ басқа тұқымдас өсімдіктерінде де кездеседі; көбінесе едәуір биік және орта биіктіктегі шөптесін өсімдіктерде) (Пучков [Puchkov] 1986).

Rhopalus latus (Jakovlev, 1883). Хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдастарда: *Vicia*, *Lathyrus* және т.б.).

Rhopalus maculatus (Fieber, 1837). Хортобионт; полифитофаг, түрлі шөптесін өсімдіктерде.

Rhopalus conspersus (Fieber, 1837). Хортобионт (*Thymus*, *Juniperus*, *Medicago*, *Melandrium* и др.); полифитофаг (ерінгүлділер, бұршақ тұқымдастарда және т.б.) (Пучков [Puchkov] 1986).

Rhopalus distinctus (Signoret, 1859). Хортобионт; тар олигофитофаг (жебірде *Thymus*, сирек басқа да өсімдіктерде).

Rhopalus parumpunctatus Schilling, 1829. Хортобионт; полифитофаг (түрлі шөптесін өсімдіктерде: айқышгүлділер, ерінгүлділер, қалампырлар мен күрделігүлділерде (*Arenaria*, *Lepidium*, *Salvia*, *Artemisia*, *Centaurea*, *Achillea*), көпжылдық бұршақ тұқымдас өсімдіктер мен дәнді-бұршақты дақылдардың қосалқы зиянкестері болып саналады (Пучков [Puchkov] 1986).

Rhopalus subrufus (Gmelin, 1790). Хортобионт (шөптесін өсімдіктерде); полифитофаг (ерінгүлділерде, кейде бұршақ тұқымдастарда және басқа да тұқымдас өсімдіктерінде кездеседі) (Пучков, 1986).

Stictopleurus abutilon (Rossi, 1790). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде: *Artemisia*, *Achillea*, *Tanacetum*, *Senecio* және т.б.).

Stictopleurus angustus Reuter, 1900. Хортобионт (түрлі шөптесін өсімдіктерде); кең олигофитофаг (күрделігүлділерде).

Stictopleurus crassicornis (Linnaeus, 1758). Хортобионт; полифитофаг (айқышгүлділер, ерінгүлділер, қалампырлар мен күрделігүлділерде) (Пучков [Puchkov] 1986).

Stictopleurus murinus V.G.Putshkov, 1978. Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде, *Artemisia glabella* және т.б.).

Stictopleurus punctatonervosus (Goeze, 1778). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде).

Stictopleurus sericeus (Horvath, 1896). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде).

Stictopleurus subtomentosus (Rey, 1888). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде, на *Achillea*, *Helichrysum*) (Пучков [Puchkov] 1986).

Stictopleurus unicolor (Jakovlev, 1873). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде: *Achillea*, *Anthemis*, *Helichrysum*).

Stictopleurus viridicatus (Uhler, 1872). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде).

Agrophopus lethierryi Stal, 1872. Хортобионт (астық тұқымдастарда); монофитофаг (қарашағырда *Cynodon dactylon*).

Agrophopus suturalis Reuter, 1900. Хортобионт; тар олигофитофаг (ажырық: *Aristida pennata*, *A. karelinii*, *A. adscensionis*).

Chorosoma gracile Josifov, 1968. Хортобионт; кең олигофитофаг, астық тұқымдастарда (*Stipa*, *Elymus* және т.б.).

Chorosoma longicolle Reuter, 1900. Хортобионт; тар олигофитофаг (құмдарда өсетін *Aristida* түрлерімен қоректік байланыста).

Chorosoma macilentum Stal, 1858. Хортобионт; кең олигофитофаг (түрлі жабайы астық тұқымдастарда).

Chorosoma schillingii (Schilling, 1829). Хортобионт; кең олигофитофаг (астық тұқымдастарда: *Festuca*, *Poa*, *Koeleria*, *Stipa* және басқалар) (Пучков [Puchkov] 1986).

Leptoceraea femoralis (Horvath, 1897). Хортобионт; кең олигофитофаг (астық тұқымдастарда).

Leptoceraea viridis Jakovlev, 1873. Хортобионт; тар олигофитофаг (*Aeluropus littoralis*, *A. villosus*).

Myrmus calcaratus Reuter, 1891. Хортобионт; тар олигофитофаг (селеуде *Stipa ssp.* және селеумен аралас өскен өсімдіктерде).

Myrmus glabellus Horvath, 1901. Хортобионт (астық тұқымдастарда); кең олигофитофаг (на *Agropyron*, *Stipa*).

Myrmus miriformis miriformis (Fallen, 1807). Хортобионт; кең олигофитофаг (астық тұқымдастардың толық пісіп жетілмеген тұқымдарын сорады: *Festuca*, *Poa*, *Koeleria*, *Stipa* және басқалар) (Пучков [Puchkov] 1986).

Алидида тұқымдасы - Alydidae Amyot & Serville, 1843

Барлық түрлері өсімдікқоректі, бұршақты дақылдарда тіршілік етеі. Олар жапырақтардың шырындарымен, сабақтарымен, өсімдіктердің жас генеративті органдарымен, сондай-ақ піскен бұршақ тұқымдарымен қоректенеді (Aukema, Rieger, 2006; Чернова [Chernova] 1979; Кириченко [Kirichenko] 1951; Винокуров, Канюкова [Vinokurov, Kanyukova] 2010; Oshanin, 1912; Пучков [Puchkov] 1950, 1956).

Alydus calcaratus (Linnaeus, 1758). Герпето-хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бүршіктерін, гүлдерін мен сабақтарын сорады) (Винокуров, Канюкова [Vinokurov, Kanyukova] 2010).

Alydus rupestris Fieber, 1861. Герпето-хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бүршіктерін, гүлдерін мен сабақтарын сорады).

Camptopus lateralis (Germar, 1817). Хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдас өсімдіктермен қоректік байланыста: *Trifolium*, *Onobrychis*, *Lotus* және т.б., тұқым жоңышқасына зақым келтіреді) (Oshanin, 1912; Пучков [Puchkov] 1950).

Camptopus tragacanthae (Kolenati, 1845). Хортобионт (таспашөпте); кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдастарда).

Megalotomus junceus (Scolopi, 1763). Хортобионт (түрлі бұршақ тұқымдастарда: *Trifolium*, *Onobrychis*, *Lotus*, *Cytisus*, *Genista*); кең олигофитофаг (түрлі жабайы бұршақ шөптерінде, бұршақ шөптері мен бұршақ дақылдарының зиянкестері) (Пучков [Puchkov] 1950, 1956).

Megalotomus ornaticeps (Stal, 1858). Хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдас өсімдіктермен қоректік байланыста, тұқым жоңышқасына зақым келтіреді) (Пучков [Puchkov] 1956).

Megalotomus zaitzevi Kerzhner, 1972. Хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдас өсімдіктерде).

Кенерелілер тұқымдасы - Coreidae Leach, 1815

Тұқымдас өкілдері өсімдікқоректілер (олардың кейбіреулері ауылшаруашылық зиянкестері) (Пучков [Puchkov] 1962; Кулик, 1973).

Anoplocerus elevatus (Fieber, 1861). Хортобионт; полифитофаг (*Erodium cicutarium*, *Medicago*, *Trifolium*, *Potentilla*), жапырақтардың, сабақтардың, жас бұтақтардың шырынын сорып, тұқымдармен қоректенеді (Пучков [Puchkov] 1962).

Arenocoris waltlii (Herrich-Schaffer, 1835). Хортобионт (әр түрлі шөптесін өсімдіктер, негізінен бұршақты дақылдарда); полифитофаг (на *Erodium cicutarium*, *Thymus*, *Medicago* және т.б. шөптесін өсімдіктерде) (Пучков [Puchkov] 1962).

Bathysolen nubilus (Fallen, 1807). Хортобионт (түрлі шөптесін өсімдіктерде); полифитофаг (*Medicago minima*, *M. lupulina*, *Thymus* және т.б. шөптесін өсімдіктерде) (Нейморовец, 2003).

Bothrostethus annulipes (Herrich-Schaeffer, 1835). Хортобионт (*Astragalus kasachstanicus*, *Caragana frutex*, *Sarothamnus*, *Cytisus*, *Genista*); кең олигофитофаг - бұршақты дақылдарда (Пучков [Puchkov] 1962).

Ceraleptus sartus Kiritshenko, 1912. Хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақты дақылдарда: *Trifolium*, *Medicago* туыс түрлерінде) (Oshanin, 1912).

Ceraleptus gracilicornis (Herrich-Schaffer, 1835). Хортобионт (шөптесін өсімдіктерде: жоңышқа *Medicago*, беде *Trifolium*, эспарцет *Onobrychus* және т.б.); полифитофаг (тұқыммен қоректенеді) (Пучков [Puchkov] 1956).

Coriomeris echinatus V.G. Putshkov, 1968. Хортобионт; кең олигофитофаг - бұршақ тұқымдастарда (Пучков [Puchkov] 1956).

Coriomeris pallidus Reuter, 1900. Хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдастарда).

Coriomeris scabrocornis scabrocornis (Panzer, 1805). Герпето-хортобионт (ашық жерлерде топырақ бетінде); кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдастарда, жоңышқа *Medicago*, беде *Trifolium*, эспарцет *Onobrychus*, ересек даралары кейде басқа тұқымдастың шөптесін өсімдіктерінде кездеседі) (Пучков [Puchkov] 1956).

Coriomeris denticulatus (Scopoli, 1763). Хортобионт (бұршақ тұқымдастарда); кең олигофитофаг (ол бұршақ тұқымдарымен қоректенеді, ересек даралары кейде басқа тұқымдастың шөптесін өсімдіктерінде кездеседі) (Пучков [Puchkov] 1956).

Coriomeris hirticornis (Fabricius, 1794). Хортобионт; кең олигофитофаг (бұршақ тұқымдастарда, негізгі қоректік өсімдігі: жоңышқа *Medicago minima* (Пучков [Puchkov] 1950, 1962).

Coriomeris vitticollis Reuter, 1900. Хортобионт (түрлі шөптесін өсімдіктерде: *Artemisia terrae-albae*, *Heracleum*, *Achillea* және т.б.); полифитофаг (күрделігүлділер, бұршақ тұқымдастарда).

Coriomeris affinis Herrich-Schaffer, 1839. Хортобионт (түрлі шөптесін өсімдіктерде); кең олигофитофаг (ерінгүлділерде).

Nemocoris falleni R.F. Sahlberg, 1848. Хортобионт (бұршақ тұқымдастарда); кең олигофитофаг (*Cytisus nigricans*, *Lathyrus niger*, *Carex*) (Пучков [Puchkov] 1962).

Ulmicola spinipes (Fallen, 1807). Хортобионт (бұршақ тұқымдастарда); тар олигофитофаг (беде *Trifolium* және басқа бұршақ тұқымдастарда (Пучков [Puchkov] 1962).

Centrocoris volxemi (Puton, 1878). Хортобионт; кең олигофитофаг (күрделігүлділерде).

Centrocoris spiniger (Fabricius, 1781). Хортобионт (*Artemisia*, *Carduus*, *Cirsium*); кең олигофитофаг (күрделігүлділер).

Coreus marginatus marginatus (Linnaeus, 1758). Хортобионт (жылқы қымыздығында және басқа өсімдіктерде); кең олигофитофаг (ересек даралары көктемде оянғаннан кейін *Malus*, *Pyrus*, *Rubus*, *Salix* және т.б. болады, содан кейін ересек даралары шөптесін өсімдіктерге ауысады, дернәсілдері қарақұмықта дамуға көшеді: *Polygonium*, *Rumex*, *Rheum* (Пучков [Puchkov] 1962).

Enoplops eversmanni Jakovlev, 1881. Хортобионт; тар олигофитофаг (қарақұмықта *Rumex*, *Rheum* тіршілік етеді).

Enoplops scapha (Fabricius, 1794). Хортобионт; полифитофаг (айлаулықтар: *Echium vulgare*, *Onosma*, сонымен қатар күрделігүлділерде, қызылша, картоп, жоңышқаның қосалқы зиянкестері) (Пучков [Puchkov] 1956).

Enoplops sibiricus (Jakovlev, 1889). Хортобионт (көкпек *Atriplex*); полифитофаг, дернәсілдері алабұталарда дамиды (Винокуров [Vinokurov] 1979).

Enoplops disciger Kolenati, 1845. Хортобионт (бұршақ тұқымдастарда); кең олигофитофаг (бұршақ дақылдарында, тамыр бөліктерімен қоректенеді).

Harloprocta pustulifera (Stal, 1860). Хортобионт (*Atraphaxis frutex*, кейде *Calligonum*); тар олигофитофаг (түйесіңірдің тұқымымен қоректенеді).

Spathocera lobata (Herrich-Schaeffer, 1840). Хортобионт (тарандар тұқымдасы); кең олигофитофаг (*Rumex confertus*, *Polygonum patulum*, *Spiraeanthus*, тұқымды сорады).

Spathocera obscura (Germer, 1847). Хортобионт (негізінде қымыздықтарда (*Rumex*) тіршілік етеді, сонымен қатар *Atrophaxis*, *Caragana*, *Medicago*, *Peganum* кездесті); полифитофаг (*Rumex confertus*, *Atrophaxis frutescens* және жусандар) (Асанова [Asanova] 1968).

Spathocera tenuicornis Jakovlev, 1883. Хортобионт (шөптесін өсімдіктерде тіршілік етеді); тар олигофитофаг (қымыздықта *Rumex*).

Spathocera laticornis (Schilling, 1829). Хортобионт (тарандар тұқымдасы: *Rumex*, *Poligonum* және т.б.); тар олигофитофаг (*Rumex*).

Syromastus rhombeus (Linnaeus, 1767). Хортобионт (әр түрлі шөптесін өсімдіктерде, негізінен қалампырларда: *Arenaria*, *Cerastium* және т.б.); полифитофаг (*Arenaria*, *Cerastium*, *Silene*, *Alyssum* және басқа шөптесін өсімдіктерде).

Gonocerus patellatus Kiritshenko, 1916 Дендробионт (ағаштарда тіршілік етеді: *Rosa* және т.б.); полифитофаг.

Gonocerus acuteangulatus Goeze, 1778. Тамно-дендробионт (түрлі ағаштар мен бұталарда: *Quercus*, *Alnus*, *Juniperus*, *Rosa* және т.б.); полифитофаг (*Rhamnus cathartica*, *Frangula alnus* және басқа жапырақты ағаштар мен бұталарда) (Пучков [Puchkov] 1962).

Gonocerus juniperi Herrich-Schaffer, 1839. Дендробионт (ағаштарда тіршілік етеді: *Juniperus*, сонымен қатар *Cupressus*, *Pinus*, *Picea*, *Guercus* және т.б.); кең олигофитофаг (негізінде аршада және басқа да қылқан жапырақтыларда) (Пучков [Puchkov] 1962).

Phyllomorpha lacerata Herrich-Schaeffer, 1835. Хортобионт; тар олигофитофаг (Борщов және Корольков бозтікени).

Phyllomorpha laciniata (Villers, 1789). Хортобионт (күрделігүлділерде); тар олигофитофаг (*Herniaria*, *Paronychia*).

Зерттеу нәтижелері төменде кесте 1 көрсетіліп отыр.

Кесте 1 – Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларының (Heteroptera) таксондық құрамы мен қоректік байланыстары

Table 1 – Taxonomic composition and nutrient ratio of Kazakhstan hemiptera (Heteroptera)

Тұқымдас	Түр	Қоректік байланысы	Түр саны
Coreidae	<i>Anoplocerus elevatus</i> (Fieber, 1861)	полифитофаг	33
	<i>Arenocoris waltlii</i> (Herrich-Schaffer, 1835)	полифитофаг	
	<i>Bathysolen nubilus</i> (Fallen, 1807)	полифитофаг	
	<i>Bothrostethus annulipes</i> (Herrich-Schaeffer, 1835)	кең олигофитофаг	
	<i>Ceraleptus sartus</i> Kiritshenko, 1912	кең олигофитофаг	
	<i>Ceraleptus gracilicornis</i> (Herrich-Schaffer, 1835)	полифитофаг	
	<i>Coriomeris echinatus</i> V.G.Putshkov, 1968	кең олигофитофаг	
	<i>Coriomeris pallidus</i> Reuter, 1900	кең олигофитофаг	
	<i>Coriomeris scabrocornis scabrocornis</i> (Panzer, 1805)	кең олигофитофаг	
	<i>Coriomeris denticulatus</i> (Scopoli, 1763)	кең олигофитофаг	
	<i>Coriomeris hirticornis</i> (Fabricius, 1794)	кең олигофитофаг	
	<i>Coriomeris vitticollis</i> Reuter, 1900	полифитофаг	
	<i>Coriomeris affinis</i> Herrich-Schaffer, 1839	кең олигофитофаг	
	<i>Nemocoris falleni</i> R.F.Sahlberg, 1848	кең олигофитофаг	
	<i>Ulmicola spinipes</i> (Fallen, 1807)	тар олигофитофаг	
<i>Centrocoris volxemi</i> (Puton, 1878)	кең олигофитофаг		
<i>Centrocoris spiniger</i> (Fabricius, 1781)	кең олигофитофаг		
<i>Coreus marginatus marginatus</i> (Linnaeus, 1758)	кең олигофитофаг		
<i>Enoplops eversmanni</i> Jakovlev, 1881	тар олигофитофаг		
	<i>Enoplops scapha</i> (Fabricius, 1794)	полифитофаг	
	<i>Enoplops sibiricus</i> (Jakovlev, 1889)	полифитофаг	
	<i>Enoplops disciger</i> Kolenati, 1845	кең олигофитофаг	
	<i>Haploprocta pustulifera</i> (Stal, 1860)	тар олигофитофаг	
	<i>Spathocera lobata</i> (Herrich-Schaeffer, 1840)	кең олигофитофаг	
	<i>Spathocera obscura</i> (Germar, 1847)	полифитофаг	
	<i>Spathocera tenuicornis</i> Jakovlev, 1883	тар олигофитофаг	
	<i>Spathocera laticornis</i> (Schilling, 1829)	тар олигофитофаг	
	<i>Syromastus rhombeus</i> (Linnaeus, 1767)	полифитофаг	
	<i>Gonocerus patellatus</i> Kiritshenko, 1916	полифитофаг	
	<i>Gonocerus acuteangulatus</i> Goeze, 1778	полифитофаг	
	<i>Gonocerus juniperi</i> Herrich-Schaffer, 1839	кең олигофитофаг	
	<i>Phyllomorpha lacerata</i> Herrich-Schaeffer, 1835	тар олигофитофаг	
	<i>Phyllomorpha laciniata</i> (Villers, 1789)	тар олигофитофаг	
Stenocephalidae	<i>Dicranocephalus agilis</i> (Scopoli, 1763)	тар олигофитофаг	6
	<i>Dicranocephalus albipes</i> (Fabricius, 1781)	тар олигофитофаг	
	<i>Dicranocephalus ferganensis</i> (Horvath, 1887)	тар олигофитофаг	
	<i>Dicranocephalus marginatus</i> (Ferrari, 1874)	тар олигофитофаг	
	<i>Dicranocephalus medius</i> (Mulsant & Rey, 1870)	тар олигофитофаг	
	<i>Dicranocephalus setulosus</i> (Ferrari, 1874)	тар олигофитофаг	
